

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігімен

2010 жылдың 17 қыркүйегінде

**Келісілді**

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігі төрағасының  
орынбасары

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2010 жылдың 25 маусымындағы  
отырыстың № 14 хаттамасы)

**Бекітілді**

2011 жылдың 17 қаңтарынан бастап

**Қолданысқа енгізілді**

А.У. АЛДАМБЕРГЕН

## Маркет–мейкерлер қызметтерінің Е Р Е Ж Е Л Е Р І

---

Алматы қ.

2010

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 толықтырулар мен өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2010 жылдың 27 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылдың 30 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 17 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитетімен 2011 жылдың 17 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылдың 29 наурызындағы № 06 (з) отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитетімен 2011 жылдың 02 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылдың 27 қазанындағы № 28 отырыс хаттамасы);
- 2012 жылдың 01 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Маркет-мейкерлер қызметтерінің осы ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - "Биржа") мүшелеріне маркет-мейкер мәртебесін беру және айыру тәртібін анықтайды, сондай-ақ, Биржадағы маркет-мейкерлердің қызметтерін реттейді.

## I бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар:

1. Осы Ережелерде қолданылатын ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"маркет-мейкердің баға белгілеуі", "міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкердің өз міндеттерін орындауы аясында Биржаның сауда жүйесіне ұсынған қаржы құралдарын сатып алуға және/немесе сатуға өтінімі, аталмыш өтінім шарттары негізінде оның мәміле жасауға берген сөзсіз келісімі;
  - 2) **"маркет-мейкер"** – белгілі бір тұрпаттағы қаржы құралдары бойынша баға белгілеулерді үнемі жариялап, қолдауға міндеттеме алған және осы мәртебеден туындайтын барлық қызметтерді атқаратын, Биржа оны осындай мүшесі ретінде мойындаған, Биржа мүшесі;
  - 3) **"маркет-мейкердің ең ұтымды баға белгілеуі"** – осы маркет-мейкердің ағымдағы кезеңде әлеуетті қарсы агентке барлық белсенді бағалар арасындағы қаржы құралын сатып алу немесе сату бойынша маркет-мейкердің ең ұтымды баға белгілеуі;
  - 4) **"спрэд"** – маркет-мейкердік сатып алуға және сатуға ең ұтымды баға белгілеу бағаларының арасындағы айырмашылық;
  - 5) **"тайм-аут"** – сауда күні барысында міндетті баға белгілеулерінің жаңа мәндерін шығару үшін маркет-мейкерге ұсынылатын уақыт аралығы, бұл уақытта маркет-мейкерге өз міндеттерін орындамауға рұқсат етіледі;
  - 6) **"сауда-саттық күні"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен мәміле жасалатын, күнтізбелік күн шегінде Биржа белгілеген, кезең;
  - 7) **"уәкілетті орган"** – бағалы қағаздар нарығын мемлекет тарапынан реттеу органы.
2. Осы Ережелерде қолданылған басқа ұғымдар Биржаның өзге ішкі құжаттарында анықталған.

## II бөлім. МАРКЕТ–МЕЙКЕРЛЕР ИНСТИТУТЫ

### 2 бап. Маркет–мейкерлердің санаттары және оларға қойылатын талаптар

1. Маркет-мейкер мәртебесін, тек тиісті санат бойынша Биржа мүшесі болып табылатын, Биржа мүшелері ғана ала алады және осы Биржа мүшесіне, маркет-мейкердің міндеттерін атқаруды жоспарлаған, қаржы құралдарымен мәміле жасасуға мүмкіндік береді.
2. Маркет-мейкерлерге қойылатын талаптар, сондай-ақ, олардың құқықтары мен міндеттері, осы Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылатын және олардың қосымшасы ретінде рәсімделген маманданымдардағы мүшелік санатына байланысты белгіленеді.
3. Маркет-мейкер мәртебесін беруді, мәртебесін беруден бас тартуды және айыруды<sup>1</sup> Биржа Басқармасы жүзеге асырады.

---

<sup>1</sup> Өз еркімен бас тартуы немесе мәжбүрлеп айыру.

**3 бап. Маркет-мейкердің сауда жүйесіндегі жұмысының ерекшеліктері**

1. Міндетті баға белгілеулерін жариялау кезінде маркет-мейкерге Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда шоттарын қолдануға тыйым салынады.
2. Маркет-мейкерге сатып алуға және/немесе сатуға өзі берген баға белгілеулерінің параметрлерін өзгертуге және, күту режимі ашылған сәтте аталмыш баға белгілеу бағасының Биржа мүшесінен түскен қарсы өтінім бағасымен қиылысқан жағдайда, күту режимі кезінде жоюға тыйым салынады.
3. Маркет-мейкердің өз міндеттерін орындау аясында Биржаның сауда жүйесіне ұсынған барлық баға белгілеулерінде арнайы белгі болуы тиіс, бұл белгіні маркет-мейкер сауда жүйесіне ұсынған кезде өтінім формасында көрсетеді.  
Маркет-мейкер Биржаның сауда жүйесіне өтінімді берген кезде алдағы абзацта көрсетілген белгі болмаған жағдайда, мұндай өтінім сауда жүйесінде маркет-мейкердің өз міндеттерін орындау аясында берілген өтінім ретінде қарастырылмайды.
4. Өзгесі белгілі бір қаржы құралдары бойынша маманданымдарда белгіленбесе, тайм-аутты маркет-мейкер сауда-саттық сессиясы барысында бірнеше рет қолдана алады, бұл ретте маркет-мейкердің тайм-аут ретінде қолданатын, сауда-саттық сессиясының барлық ұзақтылығынан минуттағы немесе пайыздағы жалпы уақытын (бұдан әрі – тайм-аут уақыты) аталған маманданымдар белгілейді.
5. Сауда-саттық сессиясы барысында маркет мейкердің, маманданымдарда белгіленген, спрэдті және өзінің міндетті баға белгілеулері бойынша минималды көлемді қолдау талаптарын орындамауының әрбір сәтінен бастап тайм-аут уақыты есептеле бастайды және аталмыш бұзушылықтар жойылған уақытта тайм-аут уақытша тоқтатылады.

**III бөлім. МАРКЕТ–МЕЙКЕР МӘРТЕБЕСІН АЛУ**

**4 бап. Маркет-мейкер мәртебесін беру**

1. Маркет-мейкер мәртебесін алу үшін Биржа мүшесі, бірінші жетекшінің қолы қойылып, мөрі басылған, осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген формада өтінішті беруі тиіс.
2. Биржа мүшесінің өтініші негізінде белгілі бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруді Биржа Басқармасы жүзеге асырады. Аталмыш өтінішті беруші Биржа мүшесі үш жұмыс күн аралығында негізделген бас тарту немесе белгілі бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы хабарлама беріліп, осы мәртебенің белсендіру мерзімі белгіленеді.
3. Егер басқасы маманданымда белгіленбесе, жеке қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі бірнеше Биржа мүшелеріне берілуі мүмкін.
4. Белгілі бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру Биржа мүшесіне басқа қаржы құралдары бойынша ешқандай қосымша құқығын бермейді және/немесе шектеулер қоймайды.
5. Биржа Басқармасы маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күн аралығында, бірақ осы Биржа мүшесі маркет-мейкер қызметін атқара бастайтын Сауда-саттық күнінен бес жұмыс күн бұрын, Биржа туралы Уәкілетті органға, оған тиісті хатты жіберу арқылы, және өзінің барлық мүшелеріне, өз Интернет-сайтына ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) тиісті ақпаратты жариялау арқылы, хабарлайды.

6. Егер Биржа мүшесі бұрындары белгілі бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен еркін түрде бас тартса немесе мәжбүрлі түрде айырылса, оның аталмыш қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін алу туралы өтініші, тиісті маркет-мейкер мәртебесінен бас тарту немесе айыру күнінен кемінде отыз сауда-саттық күні өткеннен кейін, қарастырылуы мүмкін.
7. Аталмыш Биржа мүшесінің маманданымдарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі жағдайында Биржа Басқармасы Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімін қабылдайды.

#### IV бөлім. МАРКЕТ–МЕЙКЕР МӘРТЕБЕСІНЕН АЙЫРУ

##### 5 бап.

##### Маркет–мейкер мәртебесінен бас тарту

1. Биржа мүшесі қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуға құқылы.
2. Маркет-мейкердің мәртебесінен өз еркімен бас тарту, Биржа Басқармасына еркін түрде құрастырылған, бірінші жетекшінің қолы қойылған және мөрі басылған, Биржа мүшесі қай қаржы құралынан бас тартатыны аталған, маркет-мейкер міндеттерін орындауды қай күннен бастап тоқтатуды жоспарлағаны белгіленген, тиісті өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

Маркет-мейкер міндеттерін орындаудың минималды мерзімі, алдағы абзацта көрсетілген маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тарту өтініші тіркелген күннен бастап, он сауда-саттық күнін құрайды.

Биржа мүшесінің маркет-мейкер ретіндегі жұмысының жалпы үздіксіз мерзімі, оған маркет-мейкер мәртебесі берілген күннен бастап, отыз сауда-саттық күнінен кем болмауы тиіс.

3. Биржа мүшесі маркет-мейкердің міндеттерін орындауды тоқтататын сауда-саттық күнінен бес жұмыс күн бұрын, Биржа Уәкілетті органға, оған тиісті хатты жіберу арқылы, және өзінің мүшелеріне, өз Интернет-сайтына ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) тиісті ақпаратты жариялау арқылы, осы туралы хабарлауға міндетті.

##### 6 бап.

##### Маркет–мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру

1. Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру келесідей себептерге байланысты жүзеге асырылуы тиіс:
  - 1) маркет-мейкердің маманданымдарда белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;
  - 2) маркет-мейкердің Биржадағы тиісті санат бойынша мүшелігінің уақытша тоқтатылуы немесе тиісті санаттағы мүшелігінен шығарылуы;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасына немесе Биржаның ішкі құжаттарына енгізілген өзгертулерге байланысты, осы Биржа мүшесінің маркет-мейкер мәртебесінде әрі қарай қызмет атқаруы мүмкін емес болуы.
2. Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру келесідей себептерге байланысты жүзеге асырылуы мүмкін:
  - 1) Биржа мүшесі Қазақстан Республикасы заңнамаларын және/немесе Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын бұзу деректерінің болуы;
  - 2) Биржа мүшесі басқа қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындаудан негізсіз немесе бір жақты бас тарту деректері болуы;

- 3) Биржа мүшесі, маманданымдарда қарастырылған, осы немесе басқа қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін алақол орындау деректерінің болуы.
3. Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айырылған Биржа мүшесі, Биржа Басқармасының шешіміне Биржалық кеңес отырысында шағынуына құқылы. Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы шешімге шағымдану, осы шешімнің күшін уақытша тоқтатпайды.

#### **V бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

##### **7 бап. Міндеттерді уақытында орындамағаны және толықтай орындамағаны үшін жауапкершілік**

Өзгесі маманданымдарда белгіленбеген жағдайда, маркет-мейкер, маманданымдарда белгіленген, міндеттерін орындамағаны үшін жауапты:

- 1) маманданымдарда белгіленген, міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау бойынша міндеттерді орындамаудың әрбір жағдайы үшін, маркет-мейкер 20 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) көлемінде Биржаға тұрақсыздық төлемін төлейді;
- 2) маманданымдарда белгіленген, міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау бойынша міндеттерді уақытында орындамаудың әрбір жағдайы үшін, оның уақытына байланысты<sup>2</sup>, маркет-мейкер мынадай көлемде Биржаға тұрақсыздық төлемін төлейді:

отыз минутқа дейін – 20 АЕК;

алпыс минутқа дейін – 100 АЕК;

алпыс минуттан астам – 200 АЕК;

- 3) маманданымдарда белгіленген шарттарға сәйкес, маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулерін алпыс минуттан астам жарияламауы жарияланған міндетті баға белгілеулерінен бас тарту деп есептеледі.

Биржа Басқармасының шешімі бойынша, міндетті баға белгілеулерді жариялаудан бас тартқаны үшін маркет-мейкерден тұрақсыздық төлемін өндіріп алуымен қатар, оның мәртебесінен айыру да мүмкін;

- 4) осы Ережелердің 3 бабының 1 және 2 тармақтарында тыйым салынған шарттарды бұзғаны үшін маркет-мейкер 200 АЕК көлемінде Биржаға тұрақсыздық айыбын төлейді;
- 5) маркет-мейкердің маманданымдар шарттарына сәйкес белгілеген, баға белгілеулерінің негізінде жасалған мәміле бойынша маркет-мейкердің өз міндеттерін орындамағаны үшін ол 200 АЕК көлемінде Биржаға тұрақсыздық айыбын төлейді.

Президент

К.К. Дамитов

---

<sup>2</sup> Маркет-мейкерге маманданымдармен белгіленген тайм-аут ұсынылғаннан кейін саналатын уақыт.

Маркет-мейкерлер  
қызметтерінің Ережелеріне

**1 қосымша**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Маркет-мейкер мәртебесін беруіне  
Ө Т І Н І Ш**

Бізге, [өтініш берушінің толық атауы], [күні] бастап қаржы құралының атауы, ҰСН (ISIN)] бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруіңізді сұраймыз.

Биржалық кеңестің (2010 жылдың 25 маусымындағы отырысының № 14 хаттамасы) шешімімен бекітілген Марке-мейкерлер қызметінің ережелерінде белгіленген маркет-мейкер міндеттерін өз мойнымызға аламыз.

Аталған Ережелерде белгіленген маркет-мейкерлер міндеттемелерімен, осы Ережелердің 7 бабында белгіленген міндеттерді уақытында орындамауға және толық көлемде орындамауға қатысты қарастырлған, жауапкершіліктермен танысқанымызды растаймыз.

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні]

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні]

М.О.

**Қор нарығының қатысушыларына арналған маркет-мейкер мәртебесінің  
МАМАНДАНЫМЫ**

**1 бап. Маркет-мейкер мәртебесі**

1. Бағалы қағаздар бойынша Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беру әрбір бағалы қағаз бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.
2. Бір бағалы қағаз бойынша бір немесе бірнеше маркет-мейкер тіркелуі мүмкін.

**2 бап. Маркет-мейкер міндеттері**

1. Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер қызметін атқаратын маркет-мейкер:
  - 1) сауда-саттық күні барысында Биржаның сауда-саттық жүйесінде міндетті баға белгілеулерін қолдауға;
  - 2) міндетті баға белгілеулері бойынша маркет-мейкер үшін орнатылған, сауда-саттық күні барысында кез келген уақытта мәміле жасауға қол жетімді, минималды көлемді қолдауға;
  - 3) бағалы қағаздардың әрбір түрі немесе санаты бойынша осы Маманданымның 1 Қосымшасында белгіленген максималды мәнінен аспайтын көлемде ең ұтымды міндетті баға белгілеулерінің арасында спрэдті қолдауға;
  - 4) бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық сессиясы ашылған сәттен бастап он бес минут ішінде Биржаның сауда жүйесінде міндетті баға белгілеулерін қолдауға;
  - 5) Күту режимін жүргізу және акциялар бойынша аукционды жабуды жүргізу кезеңінде Биржаның сауда жүйесінде міндетті баға белгілеулерін қолдауға міндетті.
2. Маркет-мейкердің күту тәртібі немесе аукцион жабылу кезеңі аяқталғаннан кейінгі сәтте өзінің міндетті баға белгілеулерін жариялау шартымен, күту тәртібі немесе аукцион жабылу кезеңінде маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулерін қолдауы, осы Маманданымның 2 бабы 1 тармағы 5) тармақшасымен белгіленген, шарттарды бұзусыз орындалды деп саналады.

**3 бап. Міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі**

Маркет-мейкерлер үшін облигациялар бойынша міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі 2.000 АЕК баламасымен, ал акциялар мен пайлар бойынша 3.000 АЕК баламасымен, белгілі бір бағалы қағаз бойынша Биржалық кеңестің шешімімен басқа өлшем орнатылмаса, белгіленеді.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

#### 4 бап. Маркет-мейкер құқықтары

Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер қызметін атқаратын маркет-мейкер:

- 1) осы Маманданымда белгіленген спрэдтың сақталуы шартымен бұрындары жарияланған міндетті баға белгілеулерінің бағасын өзгертуге;
- 2) мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып, сауда-саттық сессиясы барысында тайм-аутты қолдануға құқылы:

- тайм-аутты қолдану құқығы бағалы қағаздардың, осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер қызметін атқаратын, міндетті баға белгілеулерін және өтімділігін қолдау уақытына байланысты беріледі:

бірінші кластағы өтімді бағалы қағаздардың тізімінде тұрған акциялар бойынша – сауда-саттық сессиясы барысында кез келген уақытта, маркет-мейкердің осы Маманданымның 2 бабы 1 тармағының 4) және 5) тармақшаларында қарастырылған міндеттерін орындаған кездегі уақытты қоспағанда, осы міндеттерді орындау кезеңінде аталмыш маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулері жартылай немесе толық көлемде қанағаттандырылғаннан кейін ғана, оған тайм-аут беріледі<sup>3</sup> *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген);*

бірінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміндегі акцияларды қоспағанда, барлық бағалы қағаздар бойынша тайм-аутты қолдану құқығы маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулері жартылай немесе толық көлемде қанағаттандырылғаннан кейін ғана беріледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген);*

- тайм-ауттың жалпы ұзақтылығы бағалы қағаздарға байланысты сауда-саттық сессиясының жалпы ұзақтылығынан мынадай өлшемін құрайды:

бірінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізімінде тұрған акциялар, пайлар және облигациялар бойынша – отыз минут *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген);*

екінші және үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізімдеріндегі акциялар бойынша – он бес минут *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген);*

- 3) егер маркет-мейкердің бір сауда-саттық күнінде бағалы қағаздармен жасаған мәмілелердің көлемі міндетті баға белгілеулер көлемінен екі және одан көп есе артық түссе, сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеулерін шығарудан бас тартуға.

#### 5 бап. Маркет-мейкерлерге арналған жеңілдіктер

1. Маркет-мейкер мәртебесіне ие Биржа мүшесі бағалы қағаздардың белгілі бір санаты бойынша осы бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың өзі жасаған мәмілелері бойынша белгіленген комиссиялық алым мөлшерлемесінен 50 % көлемінде осындай мәмілелер бойынша ай сайын комиссиялық алымды жеңілдік мөлшерлеменен төлейді.

---

<sup>3</sup> Маркет-мейкердің баға белгілеулерін толық немесе жартылай қанағаттандыру, Биржа мүшелерінің сауда жүйесіне маркет-мейкердің осы баға белгілеуінің толық немесе жартылай берілген кері өтінімдері бағасының маркет-мейкер баға белгілеуінің бағасымен қиылысу нәтижесінде мәміленің жасалғандығын білдіреді.

2. Осы баптың 1 тармағында белгіленген жеңілдік:
  - 1) жекешелендірілетін ұйымдардың мемлекеттік акция пакеттерімен жасалған мәмілелерге;
  - 2) бағалы қағаздармен жасалған репо операцияларына жататын мәмілелерге;
  - 3) тікелей мәміле жасау арқылы жасалған, бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелеріне қарастырылмаған.
3. Маркет-мейкер бір ай ішінде, осы айда міндетті баға белгілеулерді белгілеу және қолдау бойынша осы Маманданымды бұзса, қандай бағалы қағаз бойынша бұзушылық орын алса, сол бойынша комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктен айырылады.

**6 бап.**

**Маркет-мейкердің өз міндеттемелерін орындау шарттарының өзгеруі**

Маркер-мейкердің өз міндеттерін орындауынан елеулі қаржы шығынға ұшырауы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Биржа Басқармасы осы Маманданымда белгілі бір бағалы қағаз бойынша маркет-мейкер үшін белгіленген спрэдтердің максималды мәнін, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, екі еседен артық түспейтін мөлшерде уақытша кеңейтуге (арттыруға) құқылы.

Қор нарығының  
қатысушыларына арналған  
маркет-мейкер мәртебесінің  
маманданымына

**1 қосымша**

**БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БОЙЫНША МАРКЕТ-МЕЙКЕРЛЕР  
СПРЭДТЕРІНІҢ МАКСИМАЛДЫ МӘНІ**

№	Бағалы қағаздар түрлері мен санаттары	Спрэд <sup>4</sup>
1.	Акциялардың ресми тізімінің ең жоғарғы санаты бойынша енгізілген акциялар	7 %
2.	Бірінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміндегі акциялар	7 %
3.	Екінші және үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізімдеріндегі акциялар, және пайлар	10 %
4.	Облигациялар	4 % <sup>5</sup>
5.	Таза емес бағада сатылатын облигациялар <sup>6</sup>	8 % <sup>7</sup>

*(2 жол Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

*(3 жол Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

<sup>4</sup> Маркет-мейкердің ең ұтымды баға белгілеулері арасында қолдауы мүмкін спрэдтің максималды мәні.

<sup>5</sup> Баға белгілеулерінің сатып алуға және сатуға кірістілігі мәндерінің арасындағы спрэд мәнінде көрсетілген.

<sup>6</sup> Таза емес бағада сатылатын облигациялар – инфляция бойынша құбылмалы және индекстелген купоны бар облигациялар, сондай-ақ кірістілік есебі Биржаның сауда жүйесі тарапынан жүзеге асырылмайтын басқа күрделі облигациялар

<sup>7</sup> Спрэд есебі сатып алу және сату баға белгілеулері бағаларының арасындағы айырмашылықтың сатып алу баға белгілеуі бағасына қатысы бойынша жүзеге асырылады.

Маркет-мейкерлер  
қызметтерінің Ережелеріне

**3 қосымша**

**Валюталық фьючерс маркет-мейкері мәртебесінің**

**МАМАНДАНЫМЫ**

**1 бап. Маркет-мейкер мәртебесі**

1. Валюталық фьючерс маркет-мейкері мәртебесін Биржа мүшесіне беру мерзімдік контракттардың әрбір сериясы бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.
2. Валюталық фьючерстердің бір сериясы бойынша бірнеше маркет-мейкер тіркелуі мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

**2 бап. Маркет-мейкердің міндеттері**

1. Валюталық фьючерс маркет-мейкерінің қызметін атқаратын маркет-мейкер, тайм-аутты қолдану уақытын қоспағанда, сауда-саттық күні барысында:
  - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде міндетті баға белгілеулерін қолдауға;
  - 2) міндетті баға белгілеулері бойынша, сауда-саттық күні бойы кез келген уақытта мәміле жасауға қол жетімді, маркет-мейкер үшін орнатылған минималды көлемді қолдауға;
  - 3) сауда-саттық күні барысында ең ұтымды міндетті баға белгілеулері арасындағы спрэдті мынадай мөлшерден асырмай қолдауға міндетті:
    - үш айлық валюталық фьючерс үшін: нарықтың қалыпты және волатильді жағдайында - 0,8 теңге және 1,6 теңге;
    - алты айлық валюталық фьючерс үшін: нарықтың қалыпты және волатильді жағдайында - 1,0 теңге және 2,0 теңге.
2. Биржаның Басқармасы мерзімдік нарықтың қалыпты және волатильді жағдайын дербес түрде, осы нарықтың түрлі параметрлеріне, соның ішінде мерзімдік нарық құралдарының құбылу бағасының өлшеміне байланысты, анықтайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржа Басқармасы валюталық фьючерс маркет-мейкерлерінің мерзімдік нарық жағдайын волатильдік деп тану туралы еркін түрде ұсынылған өтініштерінің негізінде мерзімдік нарық жағдайын волатильдік деп анықтауға құқылы.

3. Валюталық фьючерс фьючерсінің маркет-мейкері Маркет-мейкерлер қызметі ережелерінің 7 бабында бекітілген тұрақсыздық айыппұлын төлемейді.

Ол осы Маманданымда белгіленген, міндетті баға белгілеулерді қолдау бойынша шарттарды бұзған жағдайда, валюталық фьючерс маркет-мейкері, осы Маманданымның 5 бабының 2 тармағында бекітілген шарттарға сәйкес, комиссиялық алымдар төлемі бойынша жеңілдіктерден босатылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында бекітілген валюталық фьючерстің маркет-мейкерлерінің тұрақсыздық айыппұлын төлеуден босатылуы валюталық фьючерс сауда-саттығында Биржаның анықтайтын өтімділік деңгейіне жету

жағдайында Биржалық кеңестің аталған мәселе бойынша жеке шешімін қабылдауына дейін болады.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

**3 бап.**

**Спрэд және минималды көлем**

1. Маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулерінің минималды көлемі мынадай тәртіпте белгіленеді:
  - 1) үш айлық валюталық фьючерстер үшін – 100 мерзімдік контракт;
  - 2) алты айлық валюталық фьючерстер үшін – 50 мерзімдік контракт.
2. Валюталық фьючерстің әрбір сериясы бойынша максималды сақталатын спрэдтер мәні осы Маманданымның 1 бабы 3) тармақшасында белгіленеді.
3. Биржа Басқармасы валюталық фьючерстердің әрбір сериясы бойынша міндетті баға белгілеулерінің осы маманданымда белгіленген минималды мәндерін, сондай-ақ максималды спрэдтер мәнін өзгертуге құқылы.

Биржа басқармасының шешімі бойынша міндетті баға белгілеулерінің минималды көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ максималды спрэдтер мәнінің төмендеуі жағдайында, Биржа басқармасының мұндай шешімі Биржаның Интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) тиісті ақпаратты жариялау арқылы, аталмыш шешімнің күшіне енуіне кемінде 10 жұмыс күн бұрын валюталық фьючерс маркет-мейкерлеріне хабарланады.

**4 бап.**

**Маркет-мейкердің құқықтары**

Валюталық фьючерстің маркет-мейкері қызметін атқаратын маркет-мейкер:

- 1) осы Маманданымда белгіленген спрэдтың сақталуы шартымен бұрындары жарияланған міндетті баға белгілеулерінің бағасын өзгертуге;
- 2) мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, сауда-саттық сессиясының кез келген сәтінде тайм-аутты қолдануға құқылы:
  - тайм-аутты қолдану құқығы бір сауда-саттық сессиясы барысында шексіз рет беріледі;
  - тайм-ауттың жалпы ұзақтығы мерзімдік келісімшарттардың тиісті сериясы бойынша бір сауда-саттық сессиясы барысында отыз минутты құрайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) егер маркет-мейкердің бір сауда-саттық күнінде жасаған мерзімдік мәмілелердің көлемі міндетті баға белгілеулер көлемінен екі және одан көп есе артық түссе, сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеулерін шығарудан бас тартуға.

**5 бап.**

**Маркет-мейкерге арналған жеңілдіктер**

1. Валюталық фьючерс маркет-мейкер мәртебесі бар биржа мүшесі өзі жасаған мерзімдік контракттар бойынша комиссиялық алымды төлейді, ол осы Маманданымның №1 қосымшасындағы әдістеме бойынша есептеледі.
2. Маркет-мейкер бір ай ішінде, осы айда міндетті баға белгілеулерді белгілеу және қолдау бойынша осы Маманданымды бұзса, қандай валюталық фьючерс сериясы бойынша бұзушылық орын алса, сол бойынша комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдігінен айырылады.

Валюталық маркет-мейкер  
мәртебесінің маманданымына

**1 қосымша**

**Валюталық фьючерс маркет-мейкеріне арналған  
комиссиялық алым бойынша жеңілдік мөлшерлемесін есептеу**

*(Осы Қосымшаның тақырыбы Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

АҚШ долларының теңгеге бағамы фьючерсі бойынша маркет-мейкер қызметін атқаратын маркет-мейкер үшін Биржа валюталық фьючерс сауда-саттығы бойынша ағымдағы айға комиссиялық алымдарды төлеуге қолданылатын дисконттың<sup>8</sup> мынадай мөлшерін белгілейді:

Спрэд өлшемі (валюта бірлігі үшін теңгемен), одан асырмай, маркет-мейкер тиісті кезең барысында спрэдті сақтайды <sup>9</sup>				Дисконт
нарықтың қалыпты жағдайы		нарықтың волатильді жағдайы		
3-м <sup>10</sup>	6-м	3-м	6-м	
0,80	1,00	1,60	2,00	30 %
0,50	0,65	1,20	1,50	50 %
0,30	0,40	0,80	1,00	70 %

<sup>8</sup> Дисконт – бұл, мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы қағидаға сәйкес есептелінетін комиссиялық алымдарды төлеуге берілетін, жеңілдік, ол аталмыш Қағидаға сәйкес өткен айға есептелінетін комиссиялық алымдар мөлшерінен пайызбен көрсетіледі.

<sup>9</sup> Валюталық фьючерс маркет-мейкері мәртебесінің маманданымында белгіленген шарттарды бұзусыз.

<sup>10</sup> 3-м (6-м): АҚШ долларының теңгеге бағамының фьючерстік контракты, оның айналыс мерзімі үш айды (алты айды) құрайды.

*(Осы Қосымша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен қосылған).*

## **KASE Индексіне фьючерс бойынша маркет-мейкері мәртебесінің МАМАНДАНЫМЫ**

### **1 бап. Маркет-мейкер мәртебесі**

1. KASE Индексіне фьючерс бойынша маркет-мейкер мәртебесін Биржа мүшесіне беру мерзімдік келісімшарттардың әрбір сериясы бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.
2. KASE индексіне фьючерстің бір сериясы бойынша бірнеше маркет-мейкер тіркелуі мүмкін.

### **2 бап. Маркет-мейкердің міндеттері**

1. KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкерінің қызметін атқаратын маркет-мейкер, тайм-аутты қолдану уақытын қоспағанда, сауда-саттық күні барысында:
  - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде міндетті баға белгілеулерін қолдауға;
  - 2) міндетті баға белгілеулері бойынша, сауда-саттық күні бойы кез келген уақытта мәміле жасауға қол жетімді, маркет-мейкер үшін орнатылған минималды көлемді қолдауға;
  - 3) сауда-саттық күні барысында ең ұтымды міндетті баға белгілеулері арасындағы спрэдті мынадай мөлшерден асырмай қолдауға міндетті:
    - үш айлық KASE Индексіне фьючерс үшін: нарықтың қалыпты және волатильді жағдайында – тиісінше, 6 % және 8 %;
    - алты айлық KASE Индексіне фьючерс үшін: нарықтың қалыпты және волатильді жағдайында – тиісінше, 8 % және 10 %.
2. Биржаның Басқармасы мерзімдік нарықтың қалыпты және волатильді жағдайын дербес түрде, осы нарықтың түрлі параметрлеріне, соның ішінде мерзімдік нарық құралдарының құбылу бағасының өлшеміне байланысты, анықтайды.

Биржа Басқармасы KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкерлерінің мерзімдік нарық жағдайын волатильдік деп тану туралы еркін түрде ұсынылған өтініштерінің негізінде мерзімдік нарық жағдайын волатильдік деп анықтауға құқылы.
3. KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкері Маркет-мейкерлер қызметі ережелерінің 7 бабында бекітілген тұрақсыздық айыппұлын төлемейді.

Ол осы Маманданымда белгіленген, міндетті баға белгілеулерді қолдау бойынша шарттарды бұзған жағдайда, KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкері, осы Маманданымның 5 бабының 2 тармағында бекітілген шарттарға сәйкес, комиссиялық алымдар төлемі бойынша жеңілдіктерден босатылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында бекітілген KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкерлерінің тұрақсыздық айыппұлдын төлеуден босатылуы, KASE Индексіне фьючерс сауда-саттығында Биржаның анықтайтын өтімділік деңгейіне жету жағдайында Биржалық кеңестің аталған мәселе бойынша жеке шешімін қабылдауына дейін болады.

**3 бап. Спрэд және минималды көлем**

1. Маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулерінің минималды көлемі мынадай тәртіпте белгіленеді:
  - 1) үш айлық KASE Индексіне фьючерс үшін – 100 мерзімдік контракт;
  - 2) алты айлық KASE Индексіне фьючерс үшін – 50 мерзімдік контракт.
2. KASE Индексіне фьючерстің әрбір сериясы бойынша максималды сақталатын спрэдтер мәні осы Маманданымның 2 бабы 1 тармағының 3) тармақшасында белгіленеді.
3. Биржа Басқармасы KASE Индексіне фьючерстердің әрбір сериясы бойынша міндетті баға белгілеулерінің осы маманданымда белгіленген минималды мәндерін, сондай-ақ максималды спрэдтер мәнін өзгертуге құқылы.

Биржа басқармасының шешімі бойынша міндетті баға белгілеулерінің минималды көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ максималды спрэдтер мәнінің төмендеуі жағдайында, Биржа басқармасының мұндай шешімі күшіне енуіне кемінде 10 жұмыс күн бұрын KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкерлеріне хабарланады.

**4 бап. Маркет-мейкердің құқықтары**

KASE Индексіне фьючерстің маркет-мейкері қызметін атқаратын маркет-мейкер:

- 1) осы Маманданымда белгіленген спрэдтың сақталуы шартымен бұрындары жарияланған міндетті баға белгілеулерінің бағасын өзгертуге;
- 2) мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, сауда-саттық сессиясының кез келген сәтінде тайм-аутты қолдануға құқылы:
  - тайм-аутты қолдану құқығы бір сауда-саттық сессиясы барысында шексіз рет беріледі;
  - тайм-ауттың жалпы ұзақтығы мерзімдік келісімшарттардың тиісті сериясы бойынша бір сауда-саттық сессиясы барысында отыз минутты құрайды;
- 3) егер маркет-мейкердің бір сауда-саттық күнінде жасаған мерзімдік мәмілелердің көлемі міндетті баға белгілеулер көлемінен екі және одан көп есе артық түссе, сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеулерін шығарудан бас тартуға.

**5 бап. Маркет-мейкерге арналған жеңілдіктер**

1. KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкер мәртебесі бар биржа мүшесі өзі жасаған мерзімдік контракттар бойынша комиссиялық алымды төлейді, ол осы Маманданымның №1 қосымшасындағы әдістеме бойынша есептеледі.
2. Маркет-мейкер бір ай ішінде, осы айда міндетті баға белгілеулерді белгілеу және қолдау бойынша осы Маманданымды бұзса, қандай KASE Индексіне

фьючерстің қай сериялары бойынша бұзушылық орын алса, солар бойынша комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдігінен айырылады.

Фьючерс бойынша  
маркет-мейкер  
мәртебесінің  
маманданымына  
**1 қосымша**

**KASE Индексіне фьючерс маркет-мейкеріне арналған  
комиссиялық алым бойынша жеңілдік мөлшерлемесін есептеу**

KASE Индексіне фьючерс бойынша маркет-мейкер қызметін атқаратын маркет-мейкер үшін Биржа KASE Индексіне фьючерс сауда-саттығы бойынша ағымдағы айға комиссиялық алымдарды төлеуге қолданылатын дисконттың<sup>11</sup> мынадай мөлшерін белгілейді:

Спрэд өлшемі, одан асырмай, маркет-мейкер тиісті кезең барысында спрэдті сақтайды <sup>12</sup>				Дисконт
нарықтың қалыпты жағдайы		нарықтың волатильді жағдайы		
3-а <sup>13</sup>	6-а	3-а	6-а	
6%	8%	8%	10%	30%
3%	4%	5%	7%	50%
1%	2%	3%	5%	70%

<sup>11</sup> Дисконт – бұл, мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы қағидаға сәйкес есептелінетін комиссиялық алымдарды төлеуге берілетін, жеңілдік, ол аталмыш Қағидаға сәйкес өткен айға есептелінетін комиссиялық алымдар мөлшерінен пайызбен көрсетіледі.

<sup>12</sup> Валюталық фьючерс маркет-мейкері мәртебесінің маманданымында белгіленген шарттарды бұзусыз.

<sup>13</sup> KASE Индексіне фьючерстік келісімшарт, оның айналыс мерзімі үш айды (алты айды) құрайды. 3-а (6-а).

Маркет-мейкерлер  
қызметтерінің ережелеріне  
**4 қосымша**

## **АҚШ доллары маркет-мейкері мәртебесінің М А М А Н Д А Н Ы М Ы**

### **1 бап. Маркет-мейкер мәртебесі**

АҚШ доллары бойынша бір немесе бірнеше маркет-мейкер тіркелуі мүмкін.

### **2 бап. Маркет-мейкерге қойылатын талаптар**

АҚШ долларының маркет-мейкері мәртебесін алуға үміткерде немесе осындай мәртебесі бар Биржа мүшесінде он миллион АҚШ долларының қазақстандық теңгедегі баламасынан кем болмайтын мөлшерде жеке капиталы болуы керек.

### **3 бап. Маркет-мейкер міндеттері**

1. АҚШ долларының маркет-мейкері қызметін атқаратын маркет-мейкер күндізгі сессия барысында, тайм-аут уақытын қоспағанда, міндетті:

- 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде міндетті баға белгілеулерді қолдауға;
- 2) егер банктер – Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспонденттері қандай да бір себептермен (мереке күні себебімен, игерілмейтін күш жағдайлары туындаса немесе басқа да мүмкін себептермен) сауда-саттық күнінде АҚШ долларында есептесулерді жүзеге асырмаса, АҚШ долларының маркет-мейкері Биржаның сауда жүйесінде есептесуі Т+n күнінде АҚШ долларының міндетті баға белгілеулерін қолдауға міндетті, мұнда Т – АҚШ доллары бойынша сауда-саттық күні, n – банктердің – Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспонденттерінің АҚШ долларындағы есептесулерді жүзеге асырудағы үзіліс (күндердегі) ұзақтылығы.

2. АҚШ долларының маркет-мейкері қызметін атқаратын маркет-мейкер сауда-саттық күні барысында, тайм-аут уақытын қоспағанда, міндетті:

- 1) ең ұтымды міндетті баға белгілеулері арасындағы бір миллион АҚШ долларына дейінгі нетто-жайғасым кезінде 0,05 теңгеден, 2 миллион АҚШ долларына дейінгі нетто-жайғасым кезінде 0,1 теңгеден аспайтын көлемдегі спрэдті қолдауға. Бұл ретте уақыттың кез келген сәтінде мәміле жасауға қол жетімді міндетті баға белгілеулерінің көлемі кемінде 300 мың долларын құрауы тиіс. Егер міндетті баға белгілеуін қанағаттандыру маркет-мейкер нетто-жайғасымының 2 миллион АҚШ долларынан артық ұлғаюына әкелсе, міндетті баға белгілеуінің көлемі 300 мың АҚШ долларынан аспауы тиіс

немесе

- 2) АҚШ долларының маркет-мейкері сауда-саттық күні барысында, тайм-аут уақытын есептемегенде, ең ұтымды міндетті баға белгілеулері арасындағы 2 миллион АҚШ долларына дейінгі нетто-жайғасым кезінде 0,1 теңгеден аспайтын көлемдегі спрэдті қолдауға міндетті. Бұл ретте уақыттың кез келген сәтінде мәміле жасауға қол жетімді міндетті баға белгілеулерінің көлемі кемінде 500 мың АҚШ долларын құрауы тиіс. Егер міндетті баға белгілеуін қанағаттандыру маркет-мейкер нетто-жайғасымының 2 миллион АҚШ долларынан артық ұлғаюына әкелсе, міндетті баға белгілеуінің

көлемі 500 мың АҚШ долларынан кем болуы мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

**4 бап. Маркет-мейкердің құқықтары**

АҚШ доллары маркет-мейкері:

- 1) таңертеңгілік сауда-саттық сессиясы барысында, сондай-ақ күндізгі сессиясы барысында Алматы уақыты 12.30 бастап 14.00 дейін өз міндеттерін орындамауға;
- 2) осы Маманданымда белгіленген спрэдтың сақталуы шартымен бұрындары жарияланған міндетті баға белгілеулерінің бағасын өзгертуге;
- 3) сауда-саттық күні ішінде нетто-жайғасым көлемі 2 миллион АҚШ долларына жетсе, міндетті баға белгілеулерін жариялаудан бас тартуға *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 4) сауда-саттық күні барысында кез келген уақытта тайм-аутты пайдалануға құқылы, бұл ретте тайм-ауттың жалпы ұзақтылығы АҚШ доллары бойынша сауда-саттық сессиясының жалпы ұзақтылығынан он бес минут, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген шарттарды қоспағанда, аспауы тиіс.

**5 бап. Маркет-мейкердің өз міндеттемелерін орындау шарттарының өзгеруі**

Макер-мейкер өз міндеттерін орындауынан елеулі қаржы шығынға ұшырауы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Биржа Басқармасы осы Маманданымда АҚШ доллары бойынша маркет-мейкер үшін белгіленген спрэдтердің максималды мәнін, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, екі еседен артық түспейтін мөлшерде уақытша кеңейтуге (арттыруға) құқылы.

**Ресей Федерациясы рублінің маркет-мейкері мәртебесінің  
МАМАНДАНЫМЫ**

**1 бап. Маркет-мейкер мәртебесі**

Ресей Федерациясының рублі (бұдан әрі – РФ рублі) бойынша бір немесе бірнеше маркет-мейкер тіркелуі мүмкін.

**2 бап. Маркет-мейкерге қойылатын талаптар**

Ресей Федерациясы рублінің маркет-мейкері мәртебесін алуға үміткер немесе осындай мәртебесі бар Биржа мүшесінде бір миллион АЕК мөлшерінде жеке капиталы болуы керек.

**3 бап. Маркет-мейкер міндеттері**

1. Ресей Федерациясы рублінің маркет-мейкері қызметін атқаратын маркет-мейкер, тайм-аут уақытын қоспағанда, күндізгі сессия барысында:
  - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде міндетті баға белгілеулерді қолдауға;
  - 2) сауда-саттық күні ішінде маркет-мейкердің нетто жайғасымы 30 миллион РФ рубліне дейін болғанда ең ұтымды баға белгілеулері арасындағы спрэдті 0,01 теңгеден аспайтын мөлшерде қолдауы тиіс. Бұл ретте әрбір міндетті баға белгілеуі бойынша сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі 3 миллион РФ рублінен кем болмауы қажет және осы көлем сауда-саттық уақытының кез келген сәтінде мәміленің жасалуына қол жетімді болуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Маркет-мейкер банкаралық нарықта белгілейтін баға белгілеулері бойынша спрэдтен аспайтын мөлшерде, маркет-мейкер спрэдті сақтап отыруы тиіс.

**4 бап. Маркет-мейкердің құқықтары**

РФ рублінің маркет-мейкері:

- 1) таңертеңгілік сауда-саттық сессиясы барысында, сондай-ақ күндізгі сессия барысында Алматы уақыты 12.30 бастап 14.00 дейін өз міндеттерін орындамауға;
- 2) осы Маманданымда белгіленген спрэдтың сақталуы шартымен бұрындары жарияланған міндетті баға белгілеулерінің бағасын өзгертуге;
- 3) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен алынып тасталды)*;
- 4) сауда-саттық күні ішінде РФ рублімен мәмілелер бойынша нетто-жайғасым көлемі 30 миллионға жетсе, міндетті баға белгілеулерін жариялаудан бас тартуға *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 29 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 5) сауда-саттық күні барысында кез келген уақытта тайм-аутты пайдалануға құқылы, бұл ретте тайм-ауттың жалпы ұзақтылығы РФ рублі бойынша сауда-саттық сессиясының жалпы ұзақтылығынан, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген шарттарды қоспағанда, он бес минуттан аспауы тиіс.

- 6) РФ рублімен биржалық сауда-саттықта жасалатын мәмілелер бойынша комиссиялық алымдарды төлемеуге құқылы.

**5 бап.**

**Маркет-мейкерге арналған преференциялар**

1. РФ рублі маркет-мейкері болған кезде, РФ рублімен сауда-саттықтағы Биржаның сауда жүйесіндегі тұрақты баға белгілеулерді тек маркет-мейкер ғана жариялайды. Маркет-мейкер болып табылмайтын Биржа мүшелері, РФ рублімен мәміле жасау кезінде мәмілелерді тек маркет-мейкер жариялаған баға белгілеулері бойынша ғана жасай алады.
2. РФ рублі маркет-мейкері болмаған кезде, Биржа мүшелері РФ рублі сауда-саттығы барысында тұрақты баға белгілеулерін жариялауға және мәміле жасауға құқылы.

**6 бап.**

**Маркет-мейкердің өз міндеттемелерін орындау шарттарының өзгеруі**

Маркет-мейкер өз міндеттерін орындауынан елеулі қаржы шығынға ұшырауы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Биржа Басқармасы осы Маманданымда Ресей Федерациясы рублі бойынша маркет-мейкер үшін белгіленген спрэдтердің максималды мәнін, он жұмыс күннен аспайтын мерзімде, екі еседен артық түспейтін мөлшерде уақытша кеңейтуге (арттыруға) құқылы.